

«Павлодар қаласы №2 сәбилер бақшасы» КМҚК

**«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА  
МОДЕРНИЗАЦИЯЛАНҒАН ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР  
АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ»**

---

Қазақ тілі мұғалімі: Қарлығаш Кашкинбай

Павлодар қаласы,

2024 жыл

**Егемендікке қолы жеткен қазақ елі өміріндегі әлеуметтік, экономикалық өзгерістер уақыт талабына сай қабілетті, жан-жақты жетілген парасатты адамдар тәрбиелеп өсіруді көздеп отыр. Тәлім-тәрбие берудің бастауы - мектепке дейінгі тәрбиенің мазмұнын түбегейлі жаңарту, еліміздің ертеңін баянды ету бағытында болуы керек.**



**Дәстүрлік таным-түсініктен туындайтын қазақ халқының ұлттық ойындары - баланы іс-әрекетке, адамгершілік әдептерді игеруге, ақыл-ойын жетілдіруге, отан сүйгіштікке баулуда, салауатты өмір сүруге тәрбиелеуде теңдесі жоқ құрал. Содан болса керек қазіргі таңда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда аталған тақырыпқа ерекше көңіл бөлінуде.**

Мектеп жасына дейінгі жас ұрпақтың қалыптасуына әсер ететін фактордың бірі, дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты халықтың ұлттық ойындары. Ата – бабамыз ойынды тек баланы алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, ол халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, баланың көзқарасы, мінез-құлқын қалыптастырып, бір жүйеге келтіретін тәрбие құралы деп санаған.



Ұрпақ тәрбиесі жайындағы озық ұлттық мұраны бүгінгі тәлім-тәрбие жұмысына пайдалана отырып, атадан балаға жалғасып келе жатқан әдет ғұрыпымызды, салт- дәстүрімізді, тілімізді, дінімізді қадірлеуді балаға сәби кезінен қалыптастырған жөн.

## Ойын балаға не береді?



- ➔ *Ойын арқылы балалар қоғамды тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.*
- ➔ *Ойнау процесінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар өзара пікірлесіп, әсер алысады.*
- ➔ *Ойын баланың жан – жақты дамуын көздейтін, оның тілін жетілдіретін, қимыл-қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады.*

## Ұлттық ойынның бала өміріндегі маңызы неде?




Ұлттық ойын баланың дамып жетілуіне, адамгершілік қасиеттерінің артуына, психикасына да тигізетін әсері мол.

Ұлттық ойындар арқылы өз халқының тарихын, жерін, даму сатысын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, қонақ жайлылығын айқындап көруге болады.

Балаларға ұлттық ойындарды үйрету арқылы әділдікке, достыққа, сыйластыққа, кішіпейілділікке тәрбиелей отырып, яғни адамгершілік қасиеттері де қалыптастырылады.

Басқа ойындар сияқты қазақтың ұлттық ойындар тәртібін бұлжытпай орындауы баланың ойын барысында тәртіп сақтауы, баланы осы кезден бастап тәртіпке, әділдікке, жинақылыққа баулиды, адал, қайырымды, өжет болуға тәрбиелейді.

## Мектепке дейінгі ұйымда модернизацияланған ұлттық ойын арқылы қазақ тілін оқытудың мақсаты:



«Арқан тартыс» ойыны. Байырғы шартпен ойналған түрі

*Ұлттық ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ойына күш түсіретін міндеттерді, қызықты тапсырмалар арқылы, модернизацияға түскен көне ойындар арқылы қиындықсыз орындауға мүмкіндік беру;*

*Ұлттық ойын арқылы бүлдіршіндердің танымын қалыптастырып, ой-санасын дамыту; балалардың зейінін тұрақтандыру, есте сақтау, іс-әрекетке икемділігін, қабілетін өсіру, байқағыштығын арттыру, ойын үстінде баланың тілін, сөздік қорын дамытып, тиянақтау, пысықтау, тіл үйренуге деген қызығушылығын ояту,*

*Қазақ халқының салт-дәстүрлерін, тұрмыс тіршілігін, әдет-ғұрпымен таныстырып, белсенділігін арттыру, сөздерді орынды қолдану дағдыларын жетілдіре отырып алған білімді тексеру сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу.*



«Арқан тартыс» ойынының модернизацияға түскен нұсқасы

Модернизацияланған ұлттық ойындарды ойнау барысында дабалалардың жас ерекшелігі ескеріледі. Басқа да ойындар секілді ойынның өтілу барысында, оның ережесін сақтап, яғни 3 кезеңнен тұратынын ескеруіміз керек:





«Қыз қуу» ойыны. Байырғы шартпен ойналған түрі



«Қыз қуу» ойынының модернизацияға түскен нұсқасы

Басқа да ойындар секілді ойынның өтілу барысында, оның ережесін сақтап, яғни 3 кезеңнен тұратынын ескеруіміз керек:

- ойынды өткізер алдындағы дайындық жұмыс;
- ойынның басталуы мен ойналу барысы;
- ойынның аяқталуы.



«Көкпар» модернизацияланған ойыны





«Көкпар» ойыны. Байырғы шартпен ойналған түрі



«Көкпар» ойынының модернизацияға түскен нұсқасы

*Қазақ тілін жақсы меңгеру лексиканы үнемі байытуды талап ететін болғандықтан біз модернизацияланған «Көкпар» ойынында сөздік қорды байытатын біраз тапсырмаларды енгіздік. Қазақ тілінде санауға, сандарды ретімен қоюға, түстерді атауға, ажыратуға, тіл ұстартуға арналған түрлі дидактикалық ойындар топтастырылған. Бұл ойын арқылы балаларға ұлттық құндылықтарға арналған тапсырмаларды да беруге болады. Мәселен, «Мақал-мәтел құрастыр», «Салт дәстүрді ата», «киіз үйде не бар?», «Ұлттық тағамдар», «Ұлттық әшекейді ата», «Қазақтың ұлттық ойындары» секілді тапсырмалар беріледі.*

*Балалар ұлттық құндылыққа байланысты төрт түліктің тапсырмасын орындауда.*



**«Көкпар» модернизацияланған ойыны**

*Балалар ұлттық құндылыққа байланысты төрт түліктің тапсырмасын орындауда.*



«Қалтадағы не бар»



«Салт дәстүрді ата»



**«Көкпар» модернизацияланған ойыны**

*Балалар қазақ тілінде сөздік қорларын дамытуға арналған байланысты төрт түліктің тапсырмасын орындауда.*



«Құстардың ұясын тап!»



«Пішіндерді ата»



**«Көкпар» модернизацияланған ойыны**



«Қазақша үстел басында...»



«Қазақша үстелдің» модернизацияға түскен нұсқасы

*Келесі модернизацияланған ойын «Дөңгелек үстел» деп аталады. Мұнда бала алдымен асықты иіреді. Асық қай қалыпта түсті атайды. Мәселен, «шік», «бүк», «алишы», «тәйкі», «омпы», «шоңқа». Асық қалпына сәйкес ұяшық ашылады. Артында тапсырма жасырылады. Бұл жерде «Көкпар» ойынынан аздап күрделірек. Себебі мұнда балалар сұраққа қана жауап бермей, белгілі бір ойынды да ойнауы мүмкін. Мұнда да модернизацияланған «Қыз қуу», «Арқан тартыс» секілді ойындар кездеседі. Сондай ақ, ұлттық бұйымдарды құрастырып, қазақ ұлттық музыкалық аспаптарына арналған куб тапсырмаларын орындап, ұлттық құндылықтарға байланысты додекаэдр сұрақтарына жауап береді.*



Балалар асықтың түсу қалпына сәйкес ұяшықты ашады



«Музыкалық аспапты құрастыр»



## «Дөңгелек үстел» модернизацияланған ойыны



«Ұлттық бұйымдарды құрастыр»



«Киіз үйде не бар?»



## «Дөңгелек үстел» модернизацияланған ойыны

## Пайдаланылған әдебиеттер



Бұл кітаптар, жинақтар арқылы ұлттық құндылыққа байланысты дидактикалық ойындарды әр педагог өзі құрастыруына болады.

Қазіргі балалар жазушыларының шығармаларын тіл үйренуде қолдану. Оның ішінде жерлес ақын-жазушылардың жинақтарын қолдану. Бұл- Баянауыл тумасы, балалар ақыны Сүлеймен Баязитовтың кітабы.